

## Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 наурыздағы № 171 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2010 жылғы	3 наурыздағы
№ 171 қаулысымен	
бекітілген	

## Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

### 1. Миссиясы мен пайымдауы

**Миссиясы.** Қала құрылысы, сәулет және құрылыс құралдары және коммуналдық қамтамасыз ету арқылы қол жеткізілетін адамның мекендейтін және тіршілік ететін толыққанды ортасын қалыптастыру, елді мекендер мен қонысаралық аумақтарды тұрақты дамыту.

**Пайымдауы.** Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру, қазіргі жағдайда құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру.

### 2. Ағымдағы ахуалды талдау

Қазіргі жағдайда құрылысты одан әрі дамыту, сондай-ақ құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігін және сапасын арттыру мемлекеттің түйінді экономикалық және саяси міндеттері болып табылады.

Құрылыстың оны басқа салалардан ерекшелеп тұратын әрі құрылыс өндірісін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше нысандарын талап ететін өзіне тән ерекшеліктері болады. Бұл - құрылыс объектілерінің қайталанбайтындығы, құрылыс өнімдерінің стационарлық сипаты, құрылыс процесіне қатысушылардың әртүрлілігі, салыстырмалы түрде капиталдың баяу айналымы және тәуекелдің жоғары деңгейі.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2009 жылғы он бір айдың ішінде негізгі капиталға инвестициялардың көлемі 3897,1 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 2,3 % жоғары. Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін игеру 1556,8 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылмен салыстырғанда 91,6 % . Тұрғын үй құрылысына 257,8 млрд. теңге бөлінді және жалпы алаңы 5,4 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, өткен жылмен салыстырғанда 7,8 % төмендеді. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жедел деректері бойынша ІЖӨ-нің жалпы көлеміндегі құрылыстың үлесі 2009 жылы 7,3 %-ды құрады.

### **Т ұ р ғ ы н            ү й            қ ұ р ы л ы с ы**

2009 жылғы он бір айдың ішінде тұрғын үй құрылысына 257,8 млрд. теңге инвестиция бөлінді, барлық қаржыландыру көздері бойынша жалпы алаңы 5,4 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (2008 жылғы он бір айдың деңгейіне 92,1 %). Халықтың қаражаты есебінен 2,79 млн. шаршы метр жеке тұрғын үй (21355 үй) салынды. Тұрғын үй құрылысының жалпы көлеміндегі жеке тұрғын үй құрылысының үлесі 52 %-ды құрайды. Жеке меншік нысандағы кәсіпорындар мен ұйымдар 2009 жылғы он бір айдың ішінде жалпы алаңы 2,03 млн. шаршы метр (2008 жылғы он бір айға 100,9 %) тұрғын үй пайдалануға берді. Жеке инвесторлар салған тұрғын үйдің үлесі 37,8 % - ды құрады.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлері және «100 мектеп пен 100 аурухана салу» жобасының шеңберінде салынып жатқан білім беру мен денсаулық сақтау объектілерінің қызметкерлері үшін және Астана қаласындағы бюджет саласының қызметкерлері үшін кредиттік тұрғын үй салынып жатыр.

2009 жылғы он бір айдың ішінде жалпы алаңы 98,9 мың шаршы метр жалға берілетін коммуналдық тұрғын үй (1349 пәтер) пайдалануға берілді. Салынған тұрғын үйдің жалпы көлеміндегі үлес - 1,7 %. 2009 жылғы он бір айдың ішінде 90,2 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үй (1118 пәтер) пайдалануға берілді. 2009 жылғы он бір айдың ішінде Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бөлінген кредиттік қаражатты қайта пайдалануы есебінен 119,9 мың шаршы метр тұрғын үй (1449 пәтер) пайдалануға берілді. Салынған кредиттік тұрғын үйдің жалпы көлеміндегі үлес - 3,9 %.

Тұрғын үй құрылысы аудандарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға бөлінген 40,9 млрд. теңге көлеміндегі нысаналы трансферттер есебінен 2009 жылғы он бір айдың ішінде 1588,4 км инженерлік желілер, оның ішінде 130,3 км жол салынды. Астана және Алматы қалаларының серіктес қалаларын дамыту бойынша алдын ала жұмыстар жүргізіліп жатыр.

### **Нормативтік-техникалық база**

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сондай-ақ құрылыс саласын және құрылыс материалдарының отандық өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасауда қазіргі ғылыми жетістіктер мен техникалық жағынан дамыған елдердің оң тәжірибесіне негізделген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мемлекеттік нормативтік құжаттар әзірлеуді (қайта өңдеуді) және қолданысқа енгізуді ұйымдастыру аса маңызды рөл атқарады.

1992 жылдан бастап осы уақытқа дейін отандық нормативтік-техникалық базаны қалыптастыру бойынша жұмыс екі негізгі бағыт бойынша жүргізіліп келеді:

бірінші - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің қатысу шеңберінде Құрылыстағы стандарттау, техникалық нормалау және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссия (ҚМҒТК) жұмысында нормативтік құжаттаманы әзірлеу. Бұл ретте 251 норматив қабылданды және қолданысқа енгізілді;

екінші - отандық ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының күштерімен нормативтік құжаттаманы әзірлеу және қайта әзірлеу. 447 норматив әзірленді және қолданысқа енгізілді.

Бүгінгі таңда сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында 2083 құжат қолданылып жүр, оның ішінде жобалау мен құрылысқа арналған негізін құрайтын құжаттар - 463, баға жасау және смета бойынша - 561, стандарттар - 714, басқа құжаттар - 345.

Бүгінгі күні құрылыс саласына жаңа озық технологияларды енгізуге үлкен мән беріліп отыр. Соңғы уақытта жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша сейсмикалық аудандар үшін көп қабатты ғимараттарды жобалау жөніндегі нормативтер, сондай-ақ сейсмикалық жағдайда жұмыс істейтін төзімділігі жоғары құрастырмалар мен бұйымдар дайындау үшін пайдалану сенімділігі жоғары және ұзақ мерзімін қамтамасыз ететін тез қататын бетондар өндірісінің жаңа ресурс пен энергия үнемдейтін технологиялары әзірленді.

### **Сәулет-құрылыс бақылауы**

2005 жылдан бастап бұрын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен лицензиялаудың бақылау функцияларының негізгі бөлігі жергілікті атқарушы органдарға берілді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын сәулет, қала құрылысы және

құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады, яғни уәкілетті орган республикалық маңызы бар салынып жатқан объектілердің сапасына, ал жергілікті орган жергілікті маңызы бар салынып жатқан объектілердің сапасына бақылауды жүзеге асырады.

Бұл ретте құрылыстың сапасына тапсырысшының бақылауын құрылысқа техникалық қадағалауды және объектілерді пайдалануға қабылдауды ұйымдастыру жолымен тапсырысшы, сондай-ақ құрылысқа авторлық қадағалауды жүргізу жолымен жобалау құжаттамасын әзірлеушілер жүзеге асырады.

Осылайша, жергілікті атқарушы органдар атқарушы өкілеттігімен қатар бақылау өкілеттігін де іске асыруда, яғни құрылыс туралы шешім қабылдайды, құрылыстың сапасын тексереді және пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады.

Лицензиардың функцияларын республикалық деңгейден облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың деңгейіне беру лицензиялау жүйесінде бірыңғай саясаттың болмауына алып келді. Жекелеген өңірлерде лицензиялау жүйесі арқылы құрылыс саласына біліктілігі жоқ әрі теріс пиғылды жобалау және құрылыс ұйымдары тартылып жатыр.

Көрсетілген мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы жүйесін әлсіретті, бұл сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнаманы бұзушылықтың өсуіне және жергілікті маңызы бар объектілерде сапаның төмендеуіне әкеп соқты.

### **Аумақтық жоспарлау және елді мекендердің қала құрылысын дамыту**

Қазақстан Республикасында аумақты оңтайлы ұйымдастыру және өндірістік күштерді орналастыру, сондай-ақ заңнамаға сәйкес өңірлік схемалар әзірлеу және іске асыру мақсатында басты қала құрылысы құжаты - Бас схема әзірлеу қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 167 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясын іске асыру шеңберінде 2010 - 2012 жылдары Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды бастау көзделген. Бүгінгі күні оны әзірлеу жөніндегі Ұсынымдар бекітілді.

Соңғы жылдардың ішінде бас жоспарларды әзірлеуді қамтамасыз ету және бекіту жөнінде айтарлықтай жұмыс жасалды. Сонымен, 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Астана, Алматы қалалары және 13 облыс орталығы бас жоспарлармен қамтамасыз етілген. Тараз қаласының бас жоспарына келісу және бекіту сатысы жүргізіліп жатыр.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру қажет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастры Қазақстан

Республикасы кадастрларының мемлекеттік жүйесінің құрам бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің шекарасында мынадай үш (республикалық, облыстық және базалық) аумақтық деңгейдегі бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендер мониторингінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерін байқау жүйесінің құрам бөлігі болып табылады.

Уәкілетті орган Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру бойынша басшылық құжаттарын әзірледі және жаңартты, алайда 4 қалада (Астана, Алматы, Орал, Қарағанды) ғана Мемлекеттік қала құрылысы кадастры тиісті деңгейде жүргізіліп отыр. 2009 жылы республикалық деңгейде Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру жөніндегі техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. Облыстық және базалық деңгейлердегі Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру және жүргізу жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылуға тиіс.

## **Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласындағы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы проблемалар**

Мемлекет басшысының қатысуымен еткен жыл сайынғы VIII Қала құрылысы форумында дағдарыстан кейінгі кезеңде саланы дамытудағы негізгі басымдықтар мыналар болуға тиіс деп атап көрсетілді:

- энергия үнемдейтін технологияларды қолдану;
- нормативтік базаны жетілдіру;
- жоғары эстетикалық талаптарға сәйкес келетін ғана емес, сондай-ақ еліміздегі азаматтардың тіршілік жағдайларын жақсартатын жобалар әзірлеу.

Президент қойған міндеттерге қол жеткізу үшін мынадай проблемаларды шешу қажет:

- 1) сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік реттеу жүйесінің жетілмегендігі;
- 2) өңірлерді аумақтық жоспарлаудың және елді мекендерді қала құрылысына дамытудың жеткіліксіз ұйымдастырылуы;
- 3) сәулет, қала құрылысы мен құрылыс, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтер жүйесінің жетілмегендігі;
- 4) жобалау сапасының төмендігі;
- 5) құрылыс саласындағы баға жасау жүйесінің жетілмегендігі;
- 6) қолжетімді тұрғын үймен жеткілікті қамтамасыз етілмеу;



Астана қаласындағы үлескерлер қатысатын құрылысы аяқталмаған объектілерде тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі	мың шаршы метр		0/290	290/0	-	-	-	-
2-бағыт. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру								
2.1-мақсат. Жобалау құжаттамасының сапасын қамтамасыз ету және халықаралық нормативтермен нормативтік-техникалық базаны үйлестіру								
Нысаналы индикатор: Нормативтік-техникалық базаны жетілдіру								
2.1.1-міндет. Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс, құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтер жүйесін реформалау								
Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды жаңарту	бірлік	8	37	36	22	21	22	22
Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сметалық-нормативтік базаны жетілдіру	бірлік	25	12	89	104	81	32	38
2.1.2-міндет. Үлгі жобалар әзірлеу								
Әзірленген үлгі жобалардың саны	бірлік	28	28	20	17	40	30	30
2.1.3-міндет. Ғимараттарды (құрылыстардың) тұрақтылығы мен ұзақ мерзімін қамтамасыз ететін тиімді конструктивті шешімдерді, ресурс және энергия үнемдейтін технологиялар әзірлеу								
Ғимараттардың (құрылыстардың) тұрақтылығын және ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етуге бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу (ағымдағы жылы аяқталатындардың саны/келесі жылға ауысатындардың саны)	бірлік	0/3	2/1	1/1	1/0	0/0	0/0	0/0
2.2-мақсат. Аумақтар мен елді мекендерді тиімді дамыту және салу								
Нысаналы индикатор: Елдің аумақтарын ұйымдастырудың бас схемасын бекіту								
2.2.1-міндет. Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу								
Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі жобаны іске асыру дәрежесі	орындалған жұмыстардың %	-	-	3	-	-	-	-
2.2.2-міндет. Алматы қаласының қала маңындағы аймағы аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (Алматы қаласының қала маңындағы аймағы аумағының Бас жоспарын) әзірлеу								
Алматы қаласының маңындағы аймағы аумағының Кешенді схемасын (Алматы қаласының қала маңындағы аймағы аумағының Бас жоспарын) бекіту	бірлік	-	1					
2.3-мақсат. Тұтынушыларды сапалы және қауіпсіз құрылыс өнімдерімен қамтамасыз ету								
Нысаналы индикатор: Салынып жатқан (қайта жаңартылатын, кеңейтілетін, жаңғыртылатын, күрделі қайта жөнделетін) объектілер сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу								
	1.Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты белгіленген тәртіппен ресімдеу және беру. 2.Салынуы белгіленген және салынып жатқан республикалық маңызы бар объектілер мен кешендерге мониторинг жүргізу. 3.Республикалық маңызы бар объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру.							

2.3.1-міндет. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік басқару деңгейін және құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын арттыру	4.Заңнама нормаларын, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында белгіленген мемлекеттік талаптарды, шарттарды, шектеулерді бұзуға және ауытқуға жол берілуіне байланысты заң бұзушыларға заңнамада көзделген шараларды қолдану туралы шешім қабылдау. 5.Салынған республикалық маңызы бар объектілер мен кешендерді пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыс, қабылдау және мемлекеттік қабылдау комиссияларына қатысу. 6.Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс істері және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және лицензиялау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру 7.Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттауды жүргізу. 8.Мемлекеттік емес сараптама орталықтарын аккредиттеуді және сарапшыларды аттестаттауды жүргізу							
2.4-мақсат. Шағын және орта кәсіпкерлік үшін әкімшілік кедергілерді жою және бизнес-климатты жақсарту								
Нысаналы индикатор: Рұқсат беру рәсімдерін қысқарту арқылы Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингінде «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторы бойынша Қазақстанның ұстанымын жақсарту	Рейтингті өзгерту	-	+34	+5	+5	+5	+5	+5
2.4.1-міндет. Лицензияланатын қызмет түрлерін қысқарту және лицензиялар беру тәртібін оңайлату	%	-	-	-	30	-	-	-
3-бағыт. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту								
3.1-мақсат. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты тұрақты дамыту								
1. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, абаттандыру) жүйесін қайта жаңарту және дамыту; 2. Шағын қалаларды сумен жабдықтау.								
3.1.1-міндет. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің жай-күйін жақсарту								
Сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, абаттандыру жүйелерін қайта жаңарту және жөндеу жөніндегі жобаларды іске асыру	млн. теңге	33471	40 427	53 326	3 9391	15 274	39 850	39 850
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту тұжырымдамасын іске асыру	млн. теңге	-	-	230	-	-	-	-

## Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

**Ескерту. Кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.28 № 660 Қаулысымен.**

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттің стратегиялық мақсаттарын іске асыру үшін бағытталған мемлекеттік органның қызметі	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1	2	3
1 - с т р а т е г и я л ы қ Тұрғын үй құрылысын дамыту		б а ғ ы т .



<p>1.1-МАҚСАТ. Тұрғын үйге қол жетімділікті қамтамасыз ету</p>	<p>2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлу керек. Бұл, басымдық тәртібімен айтар болсақ - ауыл шаруашылығы, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, туризм, тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылым жасау. Осы салаларды дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін де шешеміз, бұл қазіргі уақытта ерекше маңызды нәрсе. Осы мақсатқа кемінде 40 млн. АҚШ долларын бөле отырып, тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісу. 1998 жылғы сәуірде осы бағдарламаны жүзеге асырудың принциптері мен одан күтілетін нәтижелер жайында жұртшылыққа баян ету.</p> <p>Тұрғын үй құрылысына және үлескерлер проблемаларын шешуге қолдау білдіруге 545 миллиард теңге жұмсалды</p>	<p>«Қазақстан - 2030. Ел Президентінің 1997 жылғы Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты халыққа Жолдауы</p>
<p>2-стратегиялық бағыт. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік реттеуді жетілдіру</p>		
<p>2.1- мақсат. Жобалау құжаттамасының сапасын қамтамасыз ету және халықаралық нормативтермен нормативтік-техникалық базаны үйлестіру. 2.3-мақсат. Тұтынушыларды сапалы және қауіпсіз құрылыс өнімдерімен қамтамасыз ету.</p>	<p>Құрылыс сапасын арттыру және құрылыс объектілерінің қызмет көрсету, тұрғын үйді беру мерзімін орындау мәселелерін бақылауға алу</p>	<p>«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы тұғырнамасы</p>
<p>3.1- мақсат. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты орнықты дамыту</p>	<p>Біріншіден, бұл коммуналдық желілерді қайта жарақтандыру және жаңғырту. Бұл - сумен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, энергетика мен кәріз сулардың нысандары мен ж е л і л е р і . Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты әлдеқашан-ақ ретке келтіру керек еді. Келіңіздер, қазір осымен айналысайық.</p>	<p>Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты халыққа Жолдауы</p>
	<p>Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау. Елге серпінді дамыған шағын және орта кәсіпкерлік қажет. Қазақстан ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі кемінде 40 %-ды құрауға тиіс. Біз мыналарға қол жеткіземіз: - кәсіпкерлік, әкімшілік кедергілерді жою мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; - шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық салу, қаржылық-кредиттік қолдау жүйелерін жетілдіру.</p>	<p>«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы тұғырнамасы</p>

## Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту

3.1-мақсат. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты орнықты дамыту	Біріншіден, бұл коммуналдық желілерді қайта жаратқандыру және жаңғырту. Бұл - сумен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, энергетика мен кәріз сулардың нысандары мен желілері. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты әлдеқашан-ақ ретке келтіру керек еді. Келіңіздер, қазір осымен айналысайық.	Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты халыққа Жолдауы
	Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау. Елге серпінді дамыған шағын және орта кәсіпкерлік қажет. Қазақстан ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі кемінде 40 %-ды құрауға тиіс. Біз мыналарға қол жеткіземіз: - кәсіпкерлік, әкімшілік кедергілерді жою мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; - шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық салу, қаржылық-кредиттік қолдау жүйелерін жетілдіру.	«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы тұғырнамасы
	Шағын қалаларда халықтың 100%-ы үшін сапалы су қолжетімді болуы тиіс	Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы

#### 4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

Бүгінгі күні Агенттіктің жаңа ұйымдастыру құрылымы қабылданды.

Оның негізіне мынадай алғы шарттар қойылған:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру шеңберінде функцияларды стратегиялық, реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларына бөлу және оларды Департаменттердің арасында қайта бөлу;

- функцияларды Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерінің арасында нақты бөлу және бөлімше басшыларының жауапкершілігін дербестендіру;

- адам санын қайта бөлу жолымен әрбір құрылымдық бөлімшенің ішінде салалық жүктемелерді оңтайландыру.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 маусымдағы № 832 Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) сәйкес Агенттік таратылған Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің (бұдан әрі - Комитет) міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқор болып табылады, Агенттікке сәулет, қала құрылысы және құрылыс

қызметін, тұрғын үй қатынастарын және коммуналдық шаруашылықты мемлекеттік басқару саласындағы, сондай-ақ елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік реттеу саясатын пысықтау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер және жылу электр орталығы және қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары орнатылған қазандықтардан басқа, электрмен жабдықтау (0,4 кВт электр желілік объектілер), жылумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеу саясатын пысықтау жөніндегі функциялар берілді. Осыған байланысты мынадай іс-шараларды өткізу қажет :

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында, сондай-ақ елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде электрмен жабдықтау (0,4 кВ электр желісі объектілері) жылумен жабдықтау (жылу электр орталығы мен белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары қазандықтардан басқа) және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясат пен салааралық үйлестіруді қалыптастыру және жүзеге асыру;

қосымша штаттық бірлік бөлу арқылы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік басқару деңгейін және құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын арттыру;

жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары мен коммуналдық шаруашылық саласындағы қызметін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

тұрғын үй қорының жай-күйін мониторингілеуді жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасын қолдану мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету;

Елді мекендерді тиімді аумақтық жоспарлау және қала құрылысын дамыту мақсатында Агенттікте қосымша құрылым құру қажет (Сәулет және қала құрылысы департаменті). Сонымен бірге, сәулет және қала құрылысы саласында жаңа құрылым құру және оның одан әрі жұмыс істеуі өзекті болып отыр, ол мыналарға:

мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеуге;

жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен, облыстық және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастры қызметтерімен бірлесіп, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының аумақтарын қала құрылысына жоспарлаудың (аудандық жоспарлаудың) кешенді схемаларын әзірлеуді жүзеге асыруға;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін, облыстық және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастры қызметтерін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға;

- жергілікті атқарушы органдардың ұсынысы бойынша қалалар мен елді мекендерде

құрылыс салудың аумақтық ережелерін келісуге;

- бағалы сәулет-қала құрылысы мұрасын сақтауды, сәулет пен қала құрылысында ұлттық және мәдени дәстүрлерді дамытуды ескере отырып, аумақтарды және елді мекендерді игеру мен дамытудың басым бағыттары жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге;

- республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуді ұйымдастыруға;

- есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын халқы бар республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жобаларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өзге де қала құрылысы құжаттамаларының кешенді қала құрылысы сараптамасын ұйымдастыруға және өткізуге;

- елорда әкімдігімен келісілген елорда мен қала маңындағы аймақ аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтердің (мемлекеттік нормативтік құжаттардың) жобаларын бекітуге;

Жаңа сметалық-нормативтік базаны енгізуге сәйкес баға жасау жүйесін жетілдіру үшін Агенттіктің жанынан құрылыста баға жасаудың өңірлік орталықтарын құру қажет, олардың қызметі өңірлердегі нарықтық бағаға тұрақты мониторинг жүргізуге және республиканың аумағында қолдану үшін міндетті болып табылатын жыл сайын ағымдағы сметалық бағалар жинақтарын басып шығаруға бағытталады.

## Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.28 № 660 Қаулысымен.**

Агенттіктің таңдалған стратегиялық мақсаттары бойынша мақсаттарға қол жеткізу табыстылығы көп жағдайда басқа мүдделі тараптармен үйлесімдік және өзара іс-қимыл дәрежесіне байланысты:

Стратегиялық бағыт	Салааралық үйлестіруді талап ететін іс-шаралар
	МГМ - саланы инженерлік коммуникациялармен (газ) қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай жүйені қалыптастыру, энергия үнемдеу, құрылысқа энергетикалық тиімді технологиялар мен материалдар енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру; БҒМ - «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 1-тармағында санамаланған объектілерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру, кадрлар даярлау; ИЖТМ - құрылыс өнімдерінің стандарттарын әзірлеу мен сертификаттау мәселелерін техникалық реттеу, саланы инженерлік коммуникациялармен (электр, жылу) қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай жүйені қалыптастыру, энергия үнемдеу, құрылысқа энергетикалық тиімді технологиялар мен материалдар енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру; ККМ - саланы көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, көліктік инфрақұрылым объектілерін жобалау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу; СІМ - халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; Еңбекмині - шетелдік біліктілігі жоғары мамандардың транзиті бойынша келісілген саясатты

	ж ү з е г е	а с ы р у ;
1. Тұрғын үй құрылысын дамыту	СА - статистикалық деректермен	қамтамасыз ету;
2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік реттеуді жетілдіру	ЖРА - азаматтарға жеке тұрғын үй құрылысы бойынша жер учаскелерін беру тетігін жетілдіру; «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ - азаматтардың үлестік қатысуымен құрылыс объектілерін аяқтауды қаржыландыруды қамтамасыз ету;	
3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту	- жеке тұрғын үй аудандарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту; - жылдық 4%-дан аспайтын пайыздық ставка және Тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша қол жетімді тұрғын үй сатып алу үшін алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын ұсыну жөніндегі шараларды іске асыру; облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	
	- Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, бас жоспарларды әзірлеу және бекітуді қамтамасыз ету, облыстық және базалық деңгейлердегі Қала құрылысы кадастрын жасау және жүргізу;	
	- сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл және келісілген саясат әзірлеу;	
	- елді мекендердің коммуналдық қызметтерін ұйымдастыру және басқару мәселелері бойынша;	
	- жеке тұрғын үй құрылысы салынатын аудандарда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту;	
	ДСМ - мемлекеттік нормативтерде санитарлық-гигиеналық талаптарды белгілеу;	
	АШМ - елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;	
	ТЖМ - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу үшін нормативтік регламентацияны жетілдіру;	
	- коммуналдық сектор объектілерінің апаттығы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;	
	Қоршағанортамині - қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;	
	ТМРА - тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкасын) немесе олардың шекті деңгейін, сондай-ақ тарифтік сметаны қалыптастырған және бекіткен кезде ескерілетін коммуналдық қызмет көрсету саласындағы табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын және (немесе) инвестициялық жобаларын бекіткен кезде өзара іс-қимыл.	

### Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі  
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі  
Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі  
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі  
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі  
МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі  
ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі  
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі  
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі  
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

## Тәуекелдерді басқару

Агенттік өз қызметінің үдерісінде бірқатар тәуекелдердің туындауына кезігуі мүмкін. Оларды басқару үшін тәуекелдің түрі мен көздеріне қатысты стандартты және ахуалды арнайы шаралар іске асырылатын болады. Төменде негізгі тәуекелдер тізбесі жазылған.

Тәуекел атауы	Ден қоюдың алдын алу және (немесе) уақтылы шараларын қабылдамаған жағдайдағы ықтимал салдар	Тетіктер және басқару шаралары
Жаһандық		
Капиталдың әлемдік нарығындағы дағдарыс	Қазақстандық экономикаға шетелдік инвестициялар көлемдерінің құлдырауы және шетелдік компаниялардың қазақстандық нарықтан кетуі	Қазақстандық нарықтағы босаған тауаршаларды тез игеруге қабілетті мықты отандық бизнесті (ұлттық инвесторларды) қалыптастыру
Елшілік		
Бұрын басталған жобалар бойынша мәлімделген қаражатты толық алмау тәуекелі	Басталған жобаларды аяқтамау	Басталған жобаларды орындау мерзімдерін ұзарту
Рұқсат ететін құжаттарды берген кезде мемлекеттік органдардың заңнамада белгіленген талаптарды сақтамауы	Құрылыс саласында бизнесті жүргізу және рұқсат беру рәсімдерінен өту қиындығы	Рұқсат ететін құжаттарды берумен айналысатын қызметкерлердің біліктілігін арттыру

## 5. Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы  
К о н с т и т у ц и я л ы қ з а ң ;
3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі;
4. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі;
5. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық  
б ұ з у ш ы л ы қ к о д е к с і ;
6. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі;
7. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызмет  
туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы;
8. «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9  
қ а р а ш а д а ғы З а ң ы ;
9. «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Қазақстан  
Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы;
10. «Энергия үнемдеу туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25  
ж е л т о қ с а н д а ғы З а ң ы ;
11. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы;

12. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы ;
13. «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы ;
14. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы ;
15. «Қаржыландыру көздеріне қарамастан құрылысқа арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы № 918 қаулысы ;
16. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысы;
17. «Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары қауіпсіздігі» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 96 қаулысы ;
18. «Ғимараттардың, имараттардың және оған іргелес аумақтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 наурыздағы № 227 қаулысы;
19. «Объектілерді салу үшін бастапқы материалдарды (деректерді) және рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру тәртібін оңайлату жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы № 425 қаулысы ;
20. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы № 1328 қаулысы;
21. «Сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 мамырдағы № 437 қаулысы.

## 6. Бюджеттік бағдарламалар

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.28 № 660, 2010.12.28 N 1426 Қаулыларымен.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
Бюджеттік бағдарлама	001 «Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер»

Сипаты	Құрылысты, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде құрылыс саласы мен тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту мен реформалау үшін жағдай жасау						
Стратегиялық бағыты	1. Тұрғын үй құрылысын дамыту 2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік реттеуді жетілдіру 3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңарту және дамыту						
Мақсаты	1.1 Тұрғын үйге қол жетімділікті қамтамасыз ету 2.1 Жобалау құжаттамасының сапасын қамтамасыз ету және нормативтік-техникалық базаны халықаралық нормативтермен үйлестіру 2.2 Аумақтар мен елді мекендерді тиімді дамыту және салу 2.3 Тұтынушыларды сапалы және қауіпсіз құрылыс өнімдерімен қамтамасыз ету 3.1 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңарту және дамыту						
Міндеттері	2.3.1-міндет. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік басқару деңгейін арттыру						
Көрсеткіштер							
Көрсеткіштер атауы		Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
			2008	2009	2010	2011	2012
Сан көрсеткіштері	Орталық басқару аппаратын ұстау	адам		85	85	85	85
Сапа көрсеткіштері							
Тиімділік көрсеткіштері							
Нәтиже көрсеткіштері	Жүктелген функциялар мен міндеттерді тиімді орындау	%		100	100	100	100
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		Мың теңге		120 441	196 373	230 152	254 667
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	002 «Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер»						
Сипаты	Мүмкін болатын талқандамалы жер сілкінісінің сейсмикалық тәуекелі мен залалын - төмендетуге, сондай-ақ тиімді сындарлы шешімдер мен технологиялар әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулер мынадай тақырыптар бойынша жүргізіледі: - беріктігі жоғары бетондар мен болаттарды қолдана отырып, қабаттылығы жоғары ғимараттардың қабырғалық құрастырмаларының сейсмикалық төзімділігін зерттеу, сондай-ақ сейсмикалық аудандар үшін қабаттылығы жоғары ғимараттарды жобалау жөніндегі нұсқау әзірлеу; - сейсмикалығы жоғары жағдайларда жұмыс істейтін, беріктігі жоғары құрастырмалар мен бұйымдарды жасау үшін пайдалану сенімділігі жоғары және ұзақ уақытқа жарамды тез қататын бетондар өндірісінің ресурс пен энергияны үнемдеуші технологияларын әзірлеу; - сорланған топырақтарда тұрғызылатын және жеміргіш ортаның әсеріне ұшыраған үйлер мен ғимараттардың ұзақ уақытқа жарамдылығын арттыру; - жылуфизикалық қасиетін жақсартып, қоршау құрастырмалары үшін ұсақ ұнтақталған цементкүл монолиттік бетонды әзірлеу						
Стратегиялық бағыт	2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру						
Мақсаты	2.1 Жобалау құжаттамасының сапасын қамтамасыз ету және нормативтік-техникалық базаны халықаралық нормативтермен үйлестіру						



Міндеттері	2.1.3 Ғимараттардың (құрылыстардың) тұрақтылығы мен ұзақ мерзімін қамтамасыз ететін тиімді сындарлы шешімдер, ресурс және энергия үнемдейтін технологиялар әзірлеу						
Көрсеткіштер							
Көрсеткіштер атауы		Өлшем	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
			2008	2009	2010	2011	2012
